




АЛАҚАНЫҢДА –
«АТАМЕКЕН»!

4-БЕТ | ЕЛОРДА



ТІЛ ТАС ЖАРАДЫ...

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



МАҒЖАНДЫ ҚАРАЛАҒАН
ӨЗ ОРТАСЫ

7-БЕТ | ҚОҒАМ

“““

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ ЖӘНЕ ТӘРТІП
САҚШЫЛАРЫН КӘСІБИ МЕРЕКЕЛЕРІМЕН ҚҰТ-
ТЫҚТАЙМЫН! ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ
ҮШІН ӘРБІР ҚЫЗМЕТШІНІҢ ОТАНШЫЛ, АДАЛ
БОЛУЫ ЖӘНЕ ӨЗ ІСІНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН
ҚАРАУЫ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ. СІЗДЕР ЕЛ ИГІЛІГІНЕ
ҚЫЗМЕТ ЕТУДІҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІН КӨРСЕТЕСІЗ-
ДЕР ДЕП СЕНЕМІН.

№74
(4507)
Сенбі
24 маусым
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖӘРМЕҢКЕЛЕРІ КӨБЕЙДІ

Астанада азық-түліктің қолжетімді болуы үшін бірнеше жәрмеңкелер жұмыс істейді.

Күнделікті жәрмеңке Алаш тасжолы, 31/2 мекенжайында («Шанхай/Көк Базар», «Шарын», «Алаш», «Әмір» базарлары маңында) 9:00-ден 21:00-ге дейін өтеді. Сонымен қатар осы сауда базарларында азық-түлік өндірушілері мен жеткізушілерге сауда орындары мен қоймалар жалға беріледі.

Осындай азық-түлік жәрмеңкелері демалыс күндері Абылай хан даңғылы, 20а, Сауран көшесі, 7 және Ш.Қосшығұлұлы көшесі, 14 мекенжайларында да жұмыс істейді.

КОНКУРСҚА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының 10 жылдығына орай конкурстың қалалық кезеңіне қатысу үшін өтінім беру 1 шілдеге дейін ұзартылды деп хабарлады Астана қаласы әкімдігінің ресми сайты.



2014 жылдан бері Қазақстанда жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы өткізіледі.

Конкурстың негізгі мақсаты – отбасы институты, адамгершілікті, руханиятты нығайту, отбасылық өмірдің маңызын насихаттау, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру, отбасылық құндылықтарды, кәмілетке толған балалардың егде жастағы ата-аналарына қамқорлығын дәріптеу және кеңінен насихаттау.

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді қажетті құжаттармен қоса (pdf форматында) mereyli.otbasy2023@mail.ru электронды поштаға жіберу қажет. Сондай-ақ толық ақпаратты мына телефондар арқылы білуге болады: 8 7172 55 67 08, 8 7172 55 67 01.



ЖАС ТҮЛЕКТЕР МЕРЕКЕСІ

Биыл елорда мектептерінен 10 мыңға жуық оқушы түлеп ұшты. 280 оқушы – «Алтын белгі» иегері, 607-сі үздік оқушы атанды. Астанада алғаш рет мектеп түлектерінің құрметіне арналған концерт өтті. Түлектер мерекесіне Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек қатысып, үлкен өмірге қадам басқан жастарға сәттілік тіледі.

Шат-шадыман іс-шараның барысында түлектердің көңілі көтеріліп, арман-мақсаттарымен бөлісті. Елорда әкімі жастар алдында сөз сөйледі.

3



САХНА ТӨРІНДЕ – ЖОШЫ ХАН

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында сахналанған «Жошы хан» спектаклінің премьерасын көрермендермен бірге тамашалады. Қойылым «Шыңғыс ордасы» мен «Қазақ ордасы» атты екі бөлімнен тұрады. Спектакльде Шыңғыс хан мен ұлы Жошы арасындағы қарым-қатынас, олардың ел басқару ісіндегі қабылдаған шешімдері, өмірінің белгілі кезеңдері кеңінен суреттеледі.

2

ҚҰРБАН АЙТ НАМАЗЫ НЕШЕДЕ ОҚЫЛАДЫ?

Астана қаласында биылғы Құрбан айт намазы таңғы сағат 6:00-де оқылады.

Биыл елімізде Құрбан айт мейрамының бірінші күні 28 маусымға келіп тұр. Бұл сәрсенбі – жұмыс күні болғанымен, Үкіметтің қаулысына сәйкес қазақстандықтар үшін демалыс күні болады. Кеше Қазақстан мұсылмандарының Діни басқармасы ел өңірлерінде Құрбан айт намазының оқылу уақытын белгіледі.

Ал елордада қай жерлерде құрбандық шалуға болатыны жөніндегі хабарлама газеттің келесі санында жарияланады.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 489.5 \$ USD/KZT 449.5 ₰ RUB/KZT 5.45 ¥ CNY/KZT 64.5

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



РЕФОРМА ӨЗГЕРІСКЕ ҰЛАСУЫ ҚАЗАТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің кезекті отырысы өтті. Жиынға Үкімет мүшелері және мемлекеттік органдардың басшылары қатысты. Басқосуда ең алдымен, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты негізгі сын-қатерлер талқыланды. Жүргізілген талдау нәтижелері жөнінде Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы Әсет Ерғалиев баяндама жасады.

Мемлекет басшысы баяндаманы тыңдаған соң саяси реформалармен қатар экономикалық және құқықтық өзгерістер де жүзеге асырылуы қажет екенін айтты. Үкімет пен Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне Қазақстанның 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын әзірлеу барысында бүгінгі талқылаудың нәтижелерін ескеру жөнінде тапсырма берілді.

Жиын барысында энергетика саласы мен тиімді тариф саясатын дамыту жөніндегі

шараларға баса мән берілді. Бұл бағыттағы атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде Энергетика министрі Алма-садам Сәтқалиев және Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров баяндады. Мемлекет басшысы «Тарифті инвестицияларға айырбастау» бағдарламасын тиімді әрі уақытылы жүзеге асыру Үкіметтің басты міндеті екенін айтты. Президент жылу энергетикасы және энергия жүйесінің нысандары білікті кадрлармен қамтамасыз етілмегенін келесі өзекті мәселе ретінде

атап өтті. Кадр тапшылығы мәселесін жедел шешу жөнінде тапсырма берілді.

Жиында ұлттық жобаларды әзірлеу мәселесі де қарастырылды. Қасым-Жомарт Тоқаев «Жайлы мектеп» және «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобаларын уақытылы әрі сапалы жүзеге асыру қажеттігіне назар аударды. «Қолжетімді интернет» жаңа ұлттық жобасы туралы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин баяндады. Мемлекет басшысы

министрдің баяндамасын тыңдап, аталған ұлттық жоба халықты қолжетімді және сапалы интернетпен қамтамасыз ету керек екенін баса айтты.

Бұдан бөлек, жиында денсаулық сақтау саласының инфрақұрылымын кешенді түрде дамыту мәселесі талқыланды. Бұл мәселе бойынша Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният баяндама жасады. Қасым-Жомарт Тоқаев бағдарламаны тиімді іске асыру және отандық өнімдерді кеңінен қолдану аса маңызды екенін атап өтті.

ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ 30 ПАЙЫЗҒА ӨСЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Оқу-ағарту министрі Фани Бейсембаевты қабылдады. Мемлекет басшысына мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру салаларын дамыту үшін қабылданып жатқан шаралар жөнінде мәлімет берілді.

Президентке биыл қыркүйек айынан бастап мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі педагогтардың еңбекақысы 30 пайызға өсетіні туралы баяндалды. Жыл соңына дейін балабақшаларда 81 мың орын ашу жоспарланып отыр. Сонымен қатар Мемлекет басшысына Ауыл мектептерін дамыту тұжырымдамасы таныстырылды. Биыл техникалық және кәсіптік білім алушы студенттердің 80 пайызы тегін оқиды. Қыркүйек айынан бастап олардың шәкіртақысы 50 пайызға, ал келесі жылы 100 пайызға артады. Кәсіпорындар колледж түлектерін міндетті түрде жұмысқа орналастыру шартымен мамандарды мақсатты даярлау ісіне алғаш рет атсалысып отыр.

Кездесу соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Оқу-ағарту министріне білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне ұдайы көңіл бөлуді тапсырды.

лицензиясы бар күзетпен, турнирлермен және жедел басқару орталықтарына қосылған бейнебақылау жүйелерімен жабдықтау жоспарланып отыр.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына Ауыл мектептерін дамыту тұжырымдамасы таныстырылды. Биыл техникалық және кәсіптік білім алушы студенттердің 80 пайызы тегін оқиды. Қыркүйек айынан бастап олардың шәкіртақысы 50 пайызға, ал келесі жылы 100 пайызға артады. Кәсіпорындар колледж түлектерін міндетті түрде жұмысқа орналастыру шартымен мамандарды мақсатты даярлау ісіне алғаш рет атсалысып отыр.

Кездесу соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Оқу-ағарту министріне білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне ұдайы көңіл бөлуді тапсырды.

СЕНАТ ТҮЗЕТУЛЕРДІ МАҚҰЛДАДЫ

Сенат электросамокатты пайдалануды реттейтін түзетулерді мақұлдады. Түзетулерге сәйкес, электросамокат жүргізушілері тек велосипед жолдарымен жүре алады, егер арнайы жолақ болмаса жолдың оң жақ шетімен жүруге тиіс.

Сонымен қатар самокатпен жүретін адам 18 жасқа толған болуы керек, заң оны шлем киюге және жүргізуші куәлігін алуға міндеттейді. Тротуар немесе жаяу жүргіншілер жолында электросамокат жылдамдығы сағатына 6 километрден аспауға тиіс.

«Жол қозғалысы туралы» заңға «электросамокат» ұғымы енгізілді. Ол жылдамдығы сағатына 25 километрден аспайтын көлік құралы деп танылады

және онымен жүруге болатын жерлер де анықталады. Сондай-ақ самокат жүргізушілеріне бірқатар тыйым енгізіледі» деп түсіндірді түзетулерді Сенат депутаты Евгений Болгер.

Сенат мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң енді Президентке қол қоюға жіберілді.

АВТОКӨЛІГІҢІЗДІ ЗАҢДАСТЫРЫП ҮЛГЕРІҢІЗ!

Шетелдік көліктерді заңдастыру науқаны аяқталуға жақын.

Армения, Ресей, Қырғызстан, Белорусиядан әкелген көлікті заңдастырмаған азаматтар үшін маңызды ақпарат. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерден сатып алған темір тұлпарларды Қазақстанға тіркеу үшін мемлекет берген мерзім 9 күннен кейін аяқталады. Осы уақыт аралығында мамандандырылған халыққа қызмет көрсету

орталықтары мен әкімшілік полицияның арнайы орталықтары күшейтілген тәртіппен жұмыс істейді.

Атап айтқанда, дүйсенбі мен жұма аралығында 9.00-ден 20.30-ға дейін құжат қабылдаса, сенбіде 19.30-ға дейін көлікті заңдастыруға мүмкіндік бар. Ең бастысы, темір тұлпарыңызды 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін елге кіргізу керек.



САХНА ТӨРІНДЕ – ЖОШЫ ХАН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондай-ақ Ұлы даладағы түркі тайпаларын бір ұлысқа біріктіріп, Ұлытауда ордасын тіккен Жошы оғлан бейнесі Қазақ мемлекетінің негізін қалаушы – Жошы хан дәрежесіне дейін көтеріледі. Тарихи драманың авторы – белгілі жазушы-драматург Думан Рамазан, қоюшы режиссері –

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Ұзақов.

Мемлекет басшысы қойылмды тамашалаған соң туынды авторымен және театр ұжымымен әңгімелесті. «Құтты болсын! Өте керемет қойылым болды. Шын мәнінде, пьесаның тақырыбы өте маңызды, өзекті. Мұндай туындылар халқымыз үшін қажет деп ойлаймын. Пьесаның тілі,

мәтіні өте жақсы жазылған. Әртістердің бәрі жақсы ойнады. Шеберлігі мықты екен. Біздің тарихымызды, тарихи құндылықтарымызды қазіргі таңда халық арасында кеңірек дәріптеуіміз керек. Кейбіреулер қазақтардың өз тарихы, мемлекеті, елі болмаған деген сөздер айтып жүр. Ол – біздің тарихымызды бұрмалау. Өнерлеріңіз қашанда

табысты болсын. Баршаңызға аманшылық тілеймін» деді Мемлекет басшысы.

Президент театр ұжымына шығармашылық табыс тілеп, өнер ордасына ұлттық қабылдағанын айтты. Тиісті Жарлық қазан айында Республика күні қарсаңында жарияланады.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Германияның үстінен күшті нөсерлі дауыл өтті.

Нәтижесінде үйдің шатырлары ұшып, ағаштар құлап, жергөлектерді су басып кетті. Солтүстік Рейн-Вестфалияда тауықтың жұмыртқасындай бұршақ жауды. Кейбіреулерінің диаметрі 4,5 сантиметрге жуық. Мұндай қолайсыз ауа бір айға дейін жалғасады деп болжануда. Германияның көптеген бөліктерінде ауа райының өзгеруіне туындаған дауылды нөсермен бірге қатал ауа райына тұрғындар бейімделіп келеді.



Испанияда Виргилидің өлеңі жазылған қыш құмыраның сынығы табылды.

Оның ені – алты сантиметр, ұзындығы сегіз сантиметр ғана. Өлшемнің шағындығына қарамастан, бұл фрагмент археологтарды таң қалдырды. Оның бетіне мәтін шамамен 1800 жыл бұрын қашалған, онда ақынның «Георгиктер» поэмасының бірінші кітабының жетінші және сегізінші тармақтарындағы үзінділері жазылған. Публий Виргилий Марон – Римнің алтын ғасырының ең ұлы ақыны.



Үндістанның солтүстік-шығысында толассыз жауған жаңбыр мен су тасқынынан жарты миллионға жуық адам зардап шекті.

Топан су жолындағы 1300-ден астам ауылды судың астында қалдырып, 15 мың гектарға жуық ауыл шаруашылығы алқаптарын су басқан. Соңғы 24 сағаттың өзінде тасқын су 10 бөгетті жарып өтіп, 92 жергілікті маңызы бар жолды шайып, 3 көпірді зақымдапты. Жергілікті билік уақытша тұру қосынды мен 79 көмек тарату пунктін құрды.



ЖАС ТҮЛЕКТЕР МЕРЕКЕСІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Құрметті түлектер, сіздер үлкен өмірге қадам басқалы тұрсыздар. Алдарыңызда жаңа мүмкіндіктер ашылып, жарқын болашағымыздың көкжиегі көрінді. Араларыңызда болашақ ұстаздар, дәрігерлер, IT-мамандары, инженерлер, мемлекеттік қызметшілер және т.б. бар. Білім жолында ғана емес, қоғамдық өмірде де жақсы қырларыңызбен көріндіңіздер. Біразыңыз еріктілер қатарында болдыңыздар. Бұл игі істі әрі қарай да жалғастыра беретіндеріңізге сенімдімін!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жуырда өткен Құрылтайда өскен ұрпақ өткеннің тәжірибесі мен болашақтың көкжиегін ұштастыра отырып, ұлттық рухты жаңғыртып жатқанын ерекше атап өтті.

Мемлекеттің міндеті – осы оң серпінді сақтап қалу және оны еселеп арттыру.

Сіздер – біздің үмітіміз, болашағымызсыздар. Өз болашақтарыңыз – өз қолдарыңызда. Тынымсыз еңбек пен білімнің арқасында биік белестерді бағындырып, армандарыңыз бен



мақсаттарыңызға жетесіздер!

Қателік пен сәтсіздіктен жасқанбаңыздар. Ұлы ғалымдардың бірі Томас Эдисон былай деген: «Мен сәтсіздікке ұшыраған емеспін, тек дұрыс емес 10 000 тәсілді қолданыппын». Үлкен өмірге басқан сәтті қадамдарыңыз құтты болсын! Бүгінге дейін жиған білімдеріңіз – ұстаздарыңыз

бен ата-аналарыңыздың қажырлы еңбегінің нәтижесі.

Биік шыңдарды бағындыра беріңіздер! Біз сіздерді кез келген уақытта қолдап, жандарыңыздан табыламыз: білім алып, карьера құру үшін және қалада қолайлы өмір сүру үшін тиісті жағдайдың бәрін жасаймыз» деді елорда әкімі түлектерге арнаған сөзінде.

ҚАРТТАР ҚАМҚОРЛЫҚ ҚҰШАҒЫНДА



Астана қаласындағы «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» мекемесінде ардагерлер мен зейнеткерлердің әлеуметтік жағдайын жақсарту мәселесі талқыланды.

Кездесуге Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, Жұмыспен

қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы

Илья Скуб және қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов қатысып, зейнеткерлердің сұрақтарына жауап берді.

Кездесу барысында астаналық ардагерлерге арналған іс-шаралар мен әкімдік тарапынан көрсетілетін қызметтер туралы айтылды.

– Жүйелі негізде ардагерлердің қатысуымен түрлі мәдени-спорттық және әлеуметтік іс-шаралар өткізіледі. Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеуге бағытталған жобаларға ардагерлер белсенділік танытуда. Сонымен қатар, ардагерлер кеңесімен бірлесіп мерекелік және атаулы күндерге қайырымдылық акциялары өткізіледі. Әлеуметтік қолдау аясында елордада зейнеткерлер үшін қоғамдық көлікте тегін жол жүру қарастырылған. 3 мыңнан астам ардагер мен зейнеткер санаторий-курорттық емделуге жіберіліп, 110 мыңнан астам адам біржолғы төлем алды, – деді Есет Байкен.

Париж билігі қалада салынатын ғимараттардың биіктігіне ресми түрде шектеу қойды.

Жаңа ережеге сәйкес, Франция астанасындағы барлық жаңа ғимараттар 37 метрден, яғни 12 қабаттан аспауы керек. Бұл шара қаладағы жасыл құрылысты дамытуға бағытталған жаңа урбанизация жоспарының (Plan Local d'Urbanisme) бөлігі болып табылады. Қала құрылысының жаңа ережелері жергілікті биоклимат бағдарламасының бөлігі ретінде енгізілуде.



Ғалымдар адамдардың жалғыздықтан жиі өлетінін дәлелдеді.

Бүкіл әлемнен 2,2 миллионнан астам адам қатысқан тоқсанға таяу зерттеуден әлеуметтік оқшауланған немесе жиі жалғыздықты сезінетін пациенттер қатерлі ісіктен ертерек қайтыс болды. Бұл мұндай адамдардың дұрыс тамақтану мен белсенді өмір салтын ұстануға бейімділігі аз болуы мүмкін. Әрі әлеуметтік байланыстардың аздығынан сапалы әрі уақтылы медициналық көмек ала алмайды дейді ғалымдар.

ӘКІМ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Астана қаласы әкімі Жеңіс Қасымбек елорданың Алматы ауданына қарасты Оңтүстік-Шығыс шағын ауданының тұрғындарымен кездесті.

Бұл шағын ауданда 80 мыңнан астам адам тұрады. Тұрғындар инженерлік желілер, жолдар, әлеуметтік нысандар салу, абаттандыру, автобус санын арттыру, интернет секілді өзге де мәселелерді көтерді.

– Бұл шағын аудандағы басты міндет – инженерлік желілер мен жолдар салу, абаттандыру. Біз ең бірінші кезекте осы жұмыстарды орындаймыз. Сондай-ақ Оңтүстік-Шығыста мектеп салынады.

Балалардың бос уақытын тиімді өткізуі үшін арнайы орындар ашу маңызды екенін ескере отырып, аулалар мен қоғамдық кеңістіктер, сол сияқты дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін

саламыз. Балаларды көбірек қамту үшін үш жыл ішінде 15 Оқушылар сарайын салуды жоспарлап отырмыз. Олардың бесеуінің құрылысы күзде басталады. Оның бірі Оңтүстік-Шығыс шағын ауданында орналасады.

Биыл жалпы қала бойынша 6 мыңға жуық әлеуметтік пәтер, 11 мектеп, 150-ден астам аула мен қоғамдық кеңістік салуды, 400-ге жуық автобус және т.б. іске қосуды жоспарлап отырмыз.

Көтерілген мәселелерді шешу жұмысы қолға алынды. Шағын аудандар мен елді мекендерді жұмыс кестесіне сәйкес дамытатын боламыз, – деді қала әкімі.



«ТАЛДЫКӨЛ» ТАҒДЫРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Талдыкөлдің аумағындағы ескі қорымдар мен зираттар қоршалып, жөнге келтіріледі және зират ретінде танытатын белгілер қойылады. Сонымен қатар Үлкен Талдыкөл жасанды жолмен қайтадан сумен толтырылып, айналасына құрылыс салу тоқтатылады. Кеше елордадағы №5 балалар кітапханасында өткен «Кіші Талдыкөл аумағындағы ескі қорым мен зираттардың бүгінгі мен ертеңі» атты ғылыми-практикалық конференцияда қатысушылар осы мәселені кеңінен қозғады.

Райхан
РАХМЕТОВА

Жиынға Астана қаласының Ішкі саясат басқармасының басшысы Дәурен Бабаұратов, филология ғылымдарының докторы, профессор Дихан Қамзабекұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Марат Әбсеметов және Талдыкөлдің тарихын білетін осы өңірде туған ақсақалдар мен ақ жаулықты аналар қатысты. Талдыкөлдің киесі мен қасиетін тарихшылар өз зерттеулері арқылы баяндаса, ата-бабалары осы жерде жерленген, өздері көлдің суын ішіп өскен ауыл қариялары көрген-білгендерін ортаға салды.

– Қазіргі таңда біз топографиялық үйлестіру жұмыстарын жасадық. Төрт

зират орнын белгіледік. Сол жерлерді қоршаймыз және ресми қорым зират деген атау береміз. Арнайы құран оқытатын алаңқайы, қорым деген жазуы бар тақтайша қойылады. Соған сәйкес ол жерлер заңмен қорғалатын болады. Жылда бұл орындар айналасын аудан бюджеті арқылы абаттандыру да көзделуде, – деді Д.Бабаұратов.

Кезінде осы маңда 1964 жылға дейін Талдыкөл деген ауыл болған. Сол ауылда туған Ғабит Мамыраев, Алтынай Ермекбайқызы және басқа да қариялар сол ауылдың тарихы мен көлдің қасиеті туралы тамаша естеліктер айтты. Тарихи тағылымдық мәні зор кездесуден кейін ендігі жерде Талдыкөлді тек қалпына келтіру жұмыстары ғана жүргізілетініне зор сенім ұялады.

ТАТУЛАСУ ОРТАЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

Елімізде адамдар арасында туындаған даулы мәселелердің дені тараптардың ерікті келісімімен яғни бітімгершілікпен аяқталады. Яғни мұның бәрі қолданыстағы медиация туралы заңның шеңберінде шешіледі. Азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын даулар сотқа жеткізбей өзара келісіммен аяқталғаны сот жүйесіне көп жеңілдік беретіні анық.

Бұл туралы Жоғарғы Соттың татуластыру рәсімдерінің үйлестірушісі Ұлболсын Сүлейменова Қырғызстаннан келген судьялар делегациясымен кездесу кезінде айтты.

Соңғы 5 айдың ішінде еліміздің барлық соттарында республикалық татуласу көрсеткіші 41 пайызға жетті. Бұл – біртіндеп және тұрақты өсудің нәтижесі. Татуласу орталығының мамандары әртүрлі бағыттағы жанжал мәселелермен айналысады. Оның ішінде отбасылық, тұрмыстық, қаржылық бағытта жұмыс жүргізіледі,

– деді Ұлболсын Сүлейменова.

Экскурсия барысында Қырғызстаннан келген қонақтарды тәжірибе алмасу мақсатында орталықтың өткен жылғы қызметінің нәтижелерімен таныстырды. Мәселен, былтыр 8024 өтініштің 3347-сі татуласуға қол жеткізілді. Сонымен қатар, мекеме қабырғасында 442 заңгерлік қызмет көрсетіліп, 470 азамат психологиялық көмек алды.

Орталықта тегін көмек алу үшін мына мекенжайға баруға болады: Ж.Нәжімеденов көшесі, 10/2 үй.



АЛАҚАНЫҢДА – «АТАМЕКЕН»!

Астанаға келген адамның міндетті түрде соғатын объектілері бар. Соның бірі – «Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешені музейі. Алғашқы ашылған күнінен бастап «Атамекен» – туристер, қандастарымыз, елордалықтар жиі келетін Астананың басты көрікті орындарының біріне айналды. Жыл сайын кешенді жақын және алыс шет елдерден келген 10 мыңнан астам қонақ тамашалайды.

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

«Атамекен» Қазақстанның картасы» этно-мемориалдық кешені 2001 жылғы 8 қыркүйекте ашылды.

«Атамекен» этно кешенін құрудағы және қызметінің негізгі мақсаты – тарихи-мәдени және рухани құндылықтардың сақталуын, қолжетімділігін қамтамасыз ету және халықты оларға араластыру, Қазақстан мәдениетінің жетістіктерін насихаттау, Қазақстанның барлық табиғи аймақтары мен экономикалық жетістіктерінің көптілігін көрсету, мәдени құндылықтарды сақтау және еселей түсу.

Көптеген түркі тілдерінің аудармасында «Атамекен» сөзі «Ата-бабалар жері» ретінде қабылданады. Бұл ашық аспан астындағы ғажайып мұражайды көру арқылы бірнеше сағаттың ішінде бүкіл Қазақстанды

аралап келгендей, барлық облыс пен көрікті жерлерді табиғи ландшафтпен танысуға мүмкіндік береді. Қазақстан аумағының алаңы бойынша әлемде 9-орын алатыны белгілі, дегенмен мұнда бүкіл елді алақандағыдай көруге болады.

Қалалар, елдер мен халықтар тарихын көрсетудің аса қызықты тәсілі көптеген елдерде – Австрияда, Бельгияда, Ұлыбританияда, Германияда, Швейцария мен басқа елдерде танымал. «Атамекен» – басқа елдердің саябақтарына ұқсас салынған және әлем саябақта-



МИЛЛИОНЫНШЫ ТҰРҒЫН МЕКТЕПКЕ БАРДЫ

Осыдан жеті жыл бұрын 4 шілде күні елорда тұрғындарының саны айтулы межеге жетіп, Астана миллионер-қалаға айналған еді. Ал миллионшы тұрғын атану бақыты Саида Мұхамедияр есімді кішкентай бүлдіршінге бұйырды.

Индира
БЕРЖАНОВА

Миллионшы тұрғын атану бақыты бұйырған кішкентай сәбиге атасы мен әжесі Саида деп ат қойған. Саида Мұхамедияр – бірі Қостанайдан, бірі Павлодардан арман арқалап Астанаға келіп, тағдыр тоғыстырған Арайлым мен Олжастың тұңғышы, әрі ата-әжесінің де тұңғыш немересі. 2016 жылы №1 перинаталдық орталықта сағат 01.00-де дүние есігін ашқан қыз салмағы – 3150 грамм, ал бойы 52 сантиметр болып туды.

Демографиялық көрсеткішке елеулі өзгеріс әкелгені үшін сәбидің

ата-анасына қалалық әкімдік екі бөлмелі пәтердің кілтін табыстап, осылайша жас отбасы үлкен шаттыққа кенелген еді. Несібесі тасып туған Саида, міне, биыл жеті жасқа толмақ. Ол өскен сайын қала тұрғындарының саны да қалмай артып келеді. Анасы Арайлымның айтуынша, қазақтың дархан пейілі бұл балаға да дарымай қалмаған сияқты. Ол ешкімді жатырқамайды, кез келген жерде айналасындағылармен ойнап, тәтті қылықтарымен үйіріп ала жөнеледі. Өзіндік мінезі де жоқ емес. Қалаған дүниесіне ұмтылса, соңына дейін қол жеткізбей қоймайды.




«Саида есімі араб тілінен аударғанда «бақытты» немесе «жолы болғыш» деген мағынаны білдіреді. Қызымыз дүниеге келгенде, тұңғышымыз болған соң ба, қатты қуандық. Бұл қуанышымыз ұзаққа созылып, қала әкімдігінен 2 бөлмелі пәтер алғанда, шаңырағымызға сәбиге бірге шуақ кіргендей болды» дейді Олжас Мұхамедияр.

Жан-жақты қыз түрлі үйірмелерге барғанды ұнатады. Кейде Саида аяғының ұшымен жүріп, балериналар секілді билейді. Арманы – мың бұралған биші атану. Ол спорттан да кенде емес. Қазірдің өзінде «Жастар» клубының атынан таэквондодан өтіп жүрген қалалық сайыстардың жүлдегері атанып, ата-анасын қуантып жүр. Жасампаздық пен шығармашылық өнердің биік деңгейінде салынып, бой түзеп келе жатқан қаламыздың миллионшы тұрғыны кейін миллиондарды аузына қаратқан өнер иесі болар.

«Жолдасым екеуіміз студент шақта таныстық. 4 жыл кездескеннен кейін отбасын құрдық. Биыл үйленгенімізге 8 жыл толды. Саиданың Әмина, Рамина есімді екі сіңлісі бар. Астана тұрғыны болғанымызға жиырма жылдай болды» дейді Арайлым.

Бүгінде Олжас өзін-өзі жұмыспен қамтыған. Ал Арайлым декреттік демалыста. Бақытты отбасы бірлігімен көпке үлгі.



рының ішінде бірегейлерінің бірі. «Атамекен» Қазақстанның картасы» – Қазақстанның әлеуметтік-мәдени және өнеркәсіптік объектілерін ғана емес, сондай-ақ ландшафт жануарлар мен өсімдіктер әлемін бейнелейтін әлемдегі бірден-бір саябақ.

1,7 гектар алаңда (екі футбол алаңы) елді алақандағыдай көруге және оның сәулет-ландшафт тарихымен танысуға болады. Шағын аумаққа жасалған үлкен картада қызылқұмның күрішті, мақталы алқаптары мен Қарағандының көмірі, Маңғыстаудың мұнайы, қарт Бурабай, Қорғалжынның ерке құстары мен Каспийдің ару аққулары, Алатаудың ақ бас шыңдары, тағы да басқа айтып тауыса алмайтын қазыналы Қазақ даласы әсем бейнеленген.

Картада барлық облыс пен 2 республикалық маңызы бар қала – Астана мен Алматы орналасқан, әлі де толықтыру жұмыстары жүргізіледі.

Мұнда табиғи-климаттық аймақтар мен ландшафттардың, сәулет пен қара құрылысы ансамбльдерінің сан түрлілігі паш етілген. Олардың ішінде ең ерекшесі – тарих және мәдениет ескерткіштері екені сөзсіз. Олар – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен Бұқтырма СЭС, Президенттің Резиденциясы мен Қарақия ойысы, тағысын тағылар. «Атамекен» Қазақстан картасының қызығушылық туғызатын бөлігі – Каспий теңізінің декоративті түрде ресімделген моделі. Миниатюралар саябағында 200-ден астам көрікті жерлер орналасқан және олардың саны

біртіңдеп ұлғаюда.

Саябақтың орталығында аренасы бар ашық форум орналасқан, онда мерекелер, шерулер мен басқа да бұқаралық іс-шаралар өткізіледі. Бұған қоса мұнда қолөнер шеберханалары да баршылық, онда қолданбалы өнер шеберлерінің бұйымдарын, сондай-ақ Қазақстанның түрлі өңірлерінен келген кәдесыйларды сатып алуға болады.

«Картамен» жұмыс айқындлығы бойынша аяқталуға тиіс емес: Қазақстан өркендеп, даму үстінде болғанда жаңа объектіге орын табылмақ. Ерекше тарихи оптимизмнің негізі де осында – халық игілігіне берілген уақыт ішінде саябақтың бірде-бір объектісі жоғалған жоқ, қайта толықтыру жұмыстары тоқтаусыз жүріп жатыр.

«Қаздизайн» жобаны жасаған авторлар – Т.Сүлейменов, А.Ордабаев, С.Баиров, А.Қайнарбаев, Н.Анарқұлов және А.Кенжетөев.

«Атамекен» кешені қазіргі таңда келушілерге таңдай қақтырарлық жәдігерлер ұсынатын таным мен тағылым-паш етілген. Олардың ішінде ең ерекшесі – тарих және мәдениет ескерткіштері екені сөзсіз.

Этно-мемориалдық кешен халыққа мәдени құндылықтарымызды насихаттай отырып, жастардың отаншылдық сезімдерін оятып, еліне, жеріне деген ыстық ықыластарын арттыра түседі. Бүкіл Қазақстан алақандағыдай көрінетін карта кең-байтақ туған жеріміз туралы паш етіп, танымыздың тарихқа жетелей түседі. Тарих тағылым, өткенге құрмет, келешекке сенім тәуелсіздікті баянды ете түсері сөзсіз.



Кэти ЛЕЧИ,
Ұлыбританияның
Қазақстандағы
елшісі:

АСТАНА – ШУАҚТЫ ҚАЛА

– Астанаға 2022 жылы тамызда келдім. Қазіргі таңда Президент саябағының тура қасында отбасыммен тұрамын. Шынымды айтсам, бұл елордадағы ең әдемі жер деп санаймын. Себебі өзен жағасында, ағаштардың саясында отырып демалғанға не жетсін?! Қаланы көгалдандырудың маңызы зор, кез келген шаһардың сәні сол, осы жағынан Астанада ағаштарды көптеп отырғызғаны ұнайды. 10-15 жылдан кейін бұл парктар одан сайын құлпыра түседі деп ойлаймын. Жалпы елорданың өзі әлемді таңқалдыру мақсатында салынған секілді. Дегенмен қалада әлде де адамдар үшін, отбасылар үшін жайлы орындар жетікіремейді. Сондай-ақ қар қалың түседі. Бізде Лондонда қар аз жауады. Салқынға үйрендім, бірақ шаңғы тебе алмаймын. Астананың қысы ұнайды, себебі күні шуақты болып тұрады. Жұмыстан бос уақытта қалада, паркте серуендегенді ұнатамын. Менің ұлым парктардағы сырғанақта ойнағанды жақсы көреді. Ең бастысы, ауаны түтіннен тазарту үшін газдандыру жұмыстары толық жүзеге асырылса екен. Себебі қазір көмір жағатын үйлердің түтінінен және көліктердің ауаға тастайтын қалдықтарынан қаладағы ауа сапасы аса жақсы емес. Ал адамдарына келсек, мұнда халық өте мейірімді, сыпайы. Кейде таксиге тапсырыс беріп, қаланы аралаймын, сол кезде де өзімді қауіпсіз сезінемін. Астананың 25 жылдық мерейтойында қаланың одан әрі гүлденіп, дамығанын тілеймін! Елорда тұрғындары мен қонақтары үшін астанада жайлы, қолайлы, қауіпсіз өмір болуы керек.



АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ДӘРІПТЕЛГЕН ҚҰРЫЛТАЙ



Күні кеше Түркістанның төрінде өткен Ұлттық құрылтайдың ұлтымыздың бойындағы асыл қасиеттерді дамытып, рухани кемелденген қоғам құрудағы маңызы зор болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі көптің көкейіне ерекше ой салды. Қоғамды алға сүйрейтін емес, бойымыздағы кері тартатын көптеген олқы мінез, жаман әдеттер мен ұлттық болмысымызға қарама-қайшы келетін кемшіліктерді тізіп, солардан арылудың амалын ойлауды ұсынды. Осы тұрғыда мен өзіме ой салған 4 мәселеге ерекше тоқталғым келеді.

Біріншіден, «Адал азамат» қағидаты бойынша Президент «Әділетті Қазақстанды» адал азаматтар құратынын айтты. Адал азаматтың бойында отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық, кәсібилік, үнемшілдік, еңбекқорлық, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттер болуы керек екенін жеткізді. Расымен де, қай салада болмасын адалдық бірінші орында тұрса, әділ қоғам орнайтыны даусыз. Сонда ғана жемқорлыққа жол берілмей, ел мүддесіне қайшы шешімдер шығарылмайды. Әсіресе мемлекеттік аппарат өкілдерінің сана-сезімін өзгерту керек дегенде де сол адалдықты меңзеді. Халықпен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейтін мемлекеттік қызметкерлердің бойындағы

Баланы дұрыс бағытқа бұрып, жол көрсетіп отырмасақ, бұл – өте қауіпті үрдіс. Ғаламтор арқылы жат діни ағымдардың құрығына түскен жастар да бар. Ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл – ең алдымен, үлкендердің кінәсі. Біз жастарды жаһандандудың қатерлі ықпалынан барынша сақтауға міндеттіміз» деді Президент.

Жастар арасында ұлт саулығына зор қауіп төндіретін кесел – нашарлық туралы да айта келе, есірткі жастардың жанын да, тәнін де улап жатқанына алаңдады. Есірткіні қолданудың, дайындаудың және таратудың жолын кесіп, тамырына балта шабу керектігін ескертті. Жастардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіріп отырған химиялық есірткілердің нарықта

сөйлесуі. Тіпті баласын балабақшада қазақ тобына берсе де, перзентімен ана тілінде сөйлеспейтін ата-ана көп. Күнделікті өмірде осындай жайттарға куә болып жүрмін. Мен де әкемін, балаларымды қазақ тобына бердім, сол кезде ата-ананың өзі, әсіресе аналар, ұл-қыздарымен орысша сөйлесетінін көремін. Бұл, әрине, өте өкінішті жағдай.

Бала туғаннан өз тілінде сөйлеп, қазақша ойлана алмаса, ертең өзге ұлттың сойылын соғып, басқаның қамын жейтінін көп ата-ана білмейтін секілді. Тіпті кейбірі білуге де құмарспайды. Дегенмен Президент қазақ тілінің қолдану аясы біртіндеп кеңейіп жатқанын тілге тиек ете келе, бүгінде қазақ тілі креативті индустрияның тіліне айналғанын да айтты.

сөзін бірі тыңдамай, жарын өзгелермен салыстыру да мемлекет ішіндегі шағын мемлекет – отбасының беріктігіне нұқсан келтіреді. Осы орайда Президент айтқан Отанға, отбасына деген адалдық аса қажет. Бұл – парасаттылық пен адамгершіліктің белгісі. Жарға деген адалдық, отбасына деген мейірім, балаларының алдындағы жауапкершілік – осының бәрі ел ертеңі жастардың да тәрбиесіне тікелей әсер етеді. Адал адам арлы болып келеді, ал арлы адам отбасында балалары мен жарына зорлық-зомбылық көрсетпесі анық.

Жалпы биылғы құрылтайдың сипаты мен мазмұны бұрынғыдан өзгеше, ауқымды болды. Еліміздің стратегиялық дамуына қатысты да өзекті



Қазақ тілі – азаматтық бірегейлігіміздің және рухани бірлігіміздің нышаны. Біз оны күнделікті қарым-қатынастың ғана емес, нағыз ғылым мен білімнің тілі етуге тиіспіз. Бұл міндет жөнінде бұрын да айтылды, осы мақсатты күшпен, айқай-шумен емес, ақылмен, парасатпен іске асыруымыз керек. Бұл – бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Қазақ тілі барша Қазақстан халқын ұйыстыратын басты құндылықтың бірі ретінде дами береді. Бұған ешқандай күмән болмауға тиіс. Ең бастысы, тіл саласындағы біздің бағдарымыз айқын, баршаға түсінікті

мәселелер қозғалды. Ең бастысы, мұның бәрі – Әділетті Қазақстан құруға бастайтын қадамдар. Қазақстанның әрбір азаматы отаншылдық және елге жанашырлық қасиетін нақты іспен көрсетіп, адал азамат болуға ұмтылса, тәуелсіз Қазақстанның дамыған елдермен барлық жағынан терезесі тең болып, еркендеу жолында кедергісіз дами түсері сөзсіз.

Сақтаған СӘДУАҚАСОВ,
Апанат партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы

Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есіловтің жетекшілігімен аға буын азаматтардың жағдайын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі «Белсенді ұзақ өмір» ұлттық жоспарының орындалуы туралы дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Жиынға Алматы аудандық Ардагерлер кеңесі тұрақты комиссияларының төрағалары, бастауыш ұйымдардың төрағалары, Алматы ауданы әкімдігінің бөлім басшылары қатысты.

ҰЛТТЫҚ ЖОСПАРДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ



Сансызбай Сейтжанұлы кіріспе сөзінде 2021 жылы қабылданған бұл бағдарламаның мақсаты аға буын ардагерлеріміздің денсаулық-салауатты өмір сүру ұзақтығын арттыру және қамқорлыққа, күтімге мұқтаж адамдарға медициналық, әлеуметтік қызметтерге қолжетімді ету екенін сөзге тиек етіп, осы бағытта атқарылған жұмыстар жөнінде айтты. Бұл дөңгелек үстелге арнайы шақырылған Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов, Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Илья Скуб, қалалық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратов, қалалық Ардагерлер кеңесі тұрақты комиссиясының төрағасы Қалиаскер Жантеміров және Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Дәурен Бабағұратов ұлттық жоспардың орындалу барысы жайлы тұшымды баяндамалар жасады.

Сөз сөйлегендер тарапынан 2021 жылы іске қосылған бұл бағдарламаның негізгі мақсаты ардагерлер мен зейнеткерлерге қамқорлық жасау, қарт адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту бағытында ауқымды іс-шаралар атқарылғаны айтылды. Атап айтқанда, Астана қаласының 4 ауданында Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары ашылып, қарттардың бос уақытын ұйымдастыруға жағдай жасалған. Бұл ғимараттарда жоспарланған әлеуметтік қызметтер тізімінде әлеуметтік сауықтандыру, жаттығу терапиясы, тыныс алу жаттығуы, әлеуметтік-медициналық көмек, дәрігердің, психологтың кеңесі, салауатты өмір салты бойынша лекция, құқықтық және қаржылық сауаттылық, интернет-алаяқтықтың алдын алу бойынша мамандар кеңесі, арт-терапия, еңбек терапиясы (тоқу, тігу, безендіру, қолдан жасалған сыйлықтар), тілдерді үйрену, компьютер курсы, шахмат,

тоғызқұмалақ, вокал, тақырыптық кештер, конкурстар мен викториналар көрсетілген және бұл жұмыстар тыңғылықты орындалуда. Осындай орталық Нұра ауданында да ашылады.

Бүгінгі таңда Астана қаласы бойынша емханалар жанынан гериатриялық кабинеттер де ашылып, өз жұмысын бастауда, нәтижесінде егде жастағы адамдар бала-шағамен кезекте тұрмай, өздеріне ғана арналған терапевт дәрігермен жүздесетін болады. Сонымен қатар «Қатаркөл» демалыс кешенінде жыл сайын 4 мың зейнеткердің демалуына жағдай жасалғаны, 190 мың зейнеткер мен мүгедектердің тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілгені және қала бойынша автобустарда зейнеткерлердің тегін жүруі де айтылды. Әсіресе тіс протезіне деген сұраныс 3 мың адамнан асады екен. Оған бөлінетін қаржы әр адамға шаққанда 90 мың есебінде. Бірақ алдағы жылы тіс протезіне бөлінетін қаржы әр адамға шаққанда 250 мың теңгені құрап, 4 мың адамды емдеу жоспарланып отыр.

Жиналысқа қатысқан зейнеткерлер мен ардагерлер баяндамашылардың сөзін қолдай отырып, әлі де егде адамдарға көрсетілетін көмектің сапасы жайлы сұрағын берді. Дөңгелек үстелге Астана қаласы мәслихатының депутаты Асқар Смағұлов та қатысып, бұл маңызды мәселелер қала мәслихатының отырысында қаралатынын айтты.

«Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары» мекемесінің басшысы Мұхтар Еркетаев талқыланған мәселелерге өз пікірін айтып, ардагерлер мен зейнеткерлердің жағдайын жақсарту бойынша жұмыс өз нәтижесін беретініне сенім білдірді.

Манап ӘДІРЕШЕВ,
Астана қалалық Ардагерлер кеңесі жанындағы медиатор мүшесі



адалдық пен жауапкершілік, әділдік қасиеттері елдің мемлекетке деген сенімін арттыруға септік етеді. Алайда күн сайын өмірімізде біз көрсетіп жатқан адалдыққа тап болып жүрміз. Кішкентай болса да лауазымын малданып, халыққа дұрыс қызмет көрсетуден қашатын қызметкерлердің болуы қоғамдағы енжарлықты үдетеді. Өзінің білгірі болып қана қоймай, гуманизм белгілері де бойынан табылған мамандар қашанда елдің көшін алға бастайды. Адалдық пен жемқорлық – бір-біріне кереғар ұғым. Демек, азаматтар адал елде қоғам дерті – жемқорлықтың тамырына балта шабылары сөзсіз.

Екіншіден, құрылтайда Президент жас ұрпақ тәрбиесіне ықпал ететін шараларға ерекше назар аударды. Балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу туралы дұрыс мәселе көтерді. Ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріп, жастарды жақсылыққа жетелеуге шақырды. Әрине, бұл бүгінгі интернет дәуірінде оңай шаруа емес.

«Ашығын айтсақ, қазір жас ұрпақ әлеуметтік желі арқылы тәрбие алып жатыр.

кең ауқымда сатылуы да алаңдатарлық мәселе. Криминалдық топтар жастарды осындай заңсыз әрекеттерге тартып жатқанда, тәрбие мен тәртіпті күшейту қажет. Мұндай жолға көбіне қадағалауы аз, әке-шешесі дұрыс сөйлеспейтін, сөйтіп нашар ортаға тап болатын, бос уақытын тиімді пайдаланбайтын балалар тез түседі. Сондықтан бала тәрбиесінде алдымен оларды дүниеге әкелген ата-ананың, екінші мектептің жауапкершілігі зор болуы керек. Үйден ата-анасы баласының саналы болып өсуіне мән берсе, мектепте ұстаздар баланың бойына біліммен қатар адамгершілік құндылықтарды сіңіруі керек. Осыған орай, Президент балабақшадағы және мектептегі тәрбие ісіне қоғам болып мән беруге шақырды.

Мемлекет басшысы сондай-ақ қоғамда жиі көтерілетін тақырыптың бірі – мемлекеттік тіл мәселесіне де тоқталды. Осы ретте қазақ тілін дамытуға баса мән беріліп отырғанын жеткізді. Алайда бүгінде қазақ тілінің аясын кеңейтуге кедергі келтіріп отырған жайт аз емес. Соның бірі – ата-аналардың өз балаларымен өзге тілде

«Қазақ тілі – азаматтық бірегейлігіміздің және рухани бірлігіміздің нышаны. Біз оны күнделікті қарым-қатынастың ғана емес, нағыз ғылым мен білімнің тілі етуге тиіспіз. Бұл міндет жөнінде бұрын да айтылды, осы мақсатты күшпен, айқай-шумен емес, ақылмен, парасатпен іске асыруымыз керек. Бұл – бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Қазақ тілі барша Қазақстан халқын ұйыстыратын басты құндылықтың бірі ретінде дами береді. Бұған ешқандай күмән болмауға тиіс. Ең бастысы, тіл саласындағы біздің бағдарымыз айқын, баршаға түсінікті» деді ол.

Мемлекет басшысы тоқталған адал адам қағидаты отбасын сақтауда да аса қажет. Бүгінгі таңда ең өзекті мәселенің бірі – отбасы ажырасуының белең алуы. Ажырасу жағынан Қазақстан әлемде 9-орында тұр екен. Оған, әрине, көптеген жайт, атап айтқанда, материалдық жағдай, отбасындағы зорлық-зомбылық, өзара түсінбестік себеп болады. Бұдан бөлек, адалдық қасиеттің жоғы да көп жағдайда отбасын бұзуға әкеліп жатады. Бір-біріне сенім білдіре алмай, бірінің



№74 (4507) 24/06/2023 Сенбі

Баланы балабақша, мектеп, көше, қалта телефоны өзге тілде тәрбиелеп жатыр. Маңайымыз толған өз тілінде сөйлемейтін (сөйлегісі келмейтін), санасында әлі кеңестік жүйе сақталып қалған кейбір қалалық ата-әжелер және солардан тараған білімді жас әке-шешелер... Ал мекеме басшылары өз ана тілінде сөйлеп, еңбек етуші ересектердің тіл тәрбиесіне үлгі болады деген үміт қалмады...

Айталық, ана тілінде сөйлейтін әнші Димаштың ғажайып әуендеріне қызығушылық танытқан өзге жұрттың қазақ тілін меңгеруге ынтасы күн сайын өсе түсуде. Ал оның өз жұрты мұндай бетбұрыстан тыс әлемде өмір сүріп жатқандай.

Сонымен, тас жаратын тілдің қоғамды да жарып тұрған жайы бар. Тіпті өз ұлтымыздың өзі екіге жарылып тұр: ана тілінде сөйлейтіндер мен сөйлегісі келмейтіндер. Соңғылары «Неге қазақша сөйлемейсің?» деп ескерту жасаған өз бауырларына қарсы шығып жатуы сорақы, тіпті қорқынышты жағдай. Өз тілін біліп тұрып, сөйлегісі келмейтін ұлтымыздың өкілдеріне әкімшілік шара қолданудың уақыты болды.

Бұрынғылар «Өзінді-өзін жаттай сыйла, жат жанынан түңдісін» деген екен. Бір-бірімен өз тілінде сөйлемеген, өз қадірін түсінбеген ұлттың тілін өзге ұлттың қабылдай алмайы тек біз өзіміз ғана кімәліміз.

Жас отбасылардан «Балаң неге қазақша сөйлемейді?» деп сұрасаң, «Бізге осылай ыңғайлы. Үкімет те сөйлемейді ғой» деп қарсы сылтау айтады. Оның үстіне «ойын баласы өз ортасымен, араласа алмай жүрер, орыс тілді тәрбиешілер мен ұстаздардан толық білім алмай қалады» деген сылтаулары тағы бар.



ТІЛ ТАС ЖАРАДЫ, ТАС ЖАРМАСА...

Тілдің құдіреті шексіз. Адам баласы күнделікті тіршілікте бірінші кезектегі қажетін қай тіл арқылы қанағаттандырса, сол тілге бейім болады. Бірінші қажеті дегеніміз – жейтін наны, киетін көйлегі, тамақ тауып жейтін кәсібі, рухани азығы және т. б. Бұлардың бәрі қазір қай тіл арқылы өндірісте екені көпке мәлім.

Қаладағы өнер, спорт үйірмелерінің оқытушы-жаттықтырушылары да орысша сөйлейді. Тіл білмейтін балаларға, әсіресе, ауылдан келген балдырғандарға обал, оларға қосымша өнер игерудің өзі қиын. Бұл жағдай балаларды өз тілін ұмытып, өзге тілде сөйлеуге мәжбүр етуде. Кеше ғана өз тілінде сөйлейтін отбасылар «Балаларым көшеге шықса, қиналмасын»

деп бүгін үй ішінде орысша сөйлеуді әдетке айналдырып бара жатыр.

Отбасы – шағын мемлекет, үлкен мемлекеттің іргесін қалайтын басты субъект. Халықтың 70 пайызын құрайтын ұлттың барлығы дерлік өзінің шағын мемлекетінде тек өз тілінде ғана сөйлесе не болар еді? Әрине, онда үлкен мемлекет те өз тілінде сөйлеуге мәжбүр болады.

Біздің қоғамда орыс тілін білмейтін ұлт жоқтың қасы. Ауыл қазағының да, қандастардың да нан тауып жейтін орысшасы баршылық. Тіл мәселесінде «Конституциялық құқығым шектелді» деп байбалам салып, дауыс көтерудің де жөні жоқ. Сондықтан да Үкімет қашан өз тілінде сөйлейді деп қол қусырып күтіп отырғанымыз мүлдем дұрыс емес.

«Өу, қазағым, өз отбасында өз тілінде сөйле!» деп Үкімет те, өзге ұлт та мәжбүрлеп тұрған жоқ қой қазір! Сырттан сылтау іздемей, оңай жолды күтпей-ақ, ана тілінің мәртебесін көтеру үшін қолыңнан келетін амалдарды жасауға болады ғой.

Қазір «Шет тілі – білім мен ғылымның кілті» деген ұғым қалды. Дәл бүгінгі жағдайда сенің білімді болғаның да, ғылым болғаның да халқыңның, еліңнің келешегі үшін қажет! Ұлы ғалым Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген екен. Бұл сөздің рас екенін өмір тәжірибесі талай мәрте дәлелдегені белгілі. Тәрбиемен берілген білім – өлшеуі жоқ қазына!

Тіл – тәрбие құралы. Тәрбие – мәдениет, білім мен ғылым, адалдық пен әділеттілік, ақыл мен сана, намыс, еңбекқорлық, иман мен мейірім... Ананың сүтімен, екенің қанымен бойына егілген тәрбиенің бұл асыл дәндерін баланың өзге тіл арқылы санасына қабылдап алуы өте қиын болады. Осылар балаңызға қажет десеніз, үйде өз тіліңізде сөйлеңіз! Тәрбиесіз бар баланың өзіне қажет тілді де, білімді де, ғылымды да кез келген уақытта үлкендердің әңгімесі, интернет, қалта телефон арқылы да тез арада игеріп, меңгеріп алуға қабілеті жетеді.

Тіл мәселесіне қатысты қоғамды бөле жармау үшін нақты әрекет қажет. Мысалы, Үкімет – тау, отбасы – жазықтық, «Тауларды

P.S: Қоғамға, билікке не тағы басқаға кінә таға бермей, өз отбасында ана тілінде сөйлеу – сенің қасиетті парызың, киелі міндетің, қадірлі қазағым!

аласартпай, жазықтықты биік-тету» әрбір отбасының қолынан келеді. Ол үшін әркім өз тілі өзінің болашағы екенін дұрыс сезінуі керек. Үкімет қай тілде сөйлесе де, мемлекеттік тілдің алтын бесігі – отбасы екенін

Кеше ғана өз тілінде сөйлейтін отбасылар «Балаларым көшеге шықса, қиналмасын» деп бүгін үй ішінде орысша сөйлеуді әдетке айналдырып бара жатыр

мойындап, оны өзінің рухани тәрбие идеологиялық насихат жұмысының темірқазығы деп білгені дұрыс.

Шәкірттері Конфуцийден: «Егер бір елге басшы болсаңыз, алдымен не істер едіңіз?» деп сұрапты. Сонда Конфуций: «Ойланбастан ұлттың тілін тәртіпке салар едің» деген екен. Мұны естігендер қайран қалып, себепін сұрапты. Сонда Конфуций: «Тіл бұзылса, ұлттың рухы мен әдет-ғұрпы да бұзылады. Рухы мен әдет-ғұрпы бұзылса, әділет пен ақиқат жоғалып, халық шарасыздықтан жойылу қаупіне душар болады. Қысқасы, тілі бұзылған ұлттың келешегінен үміт күтуге болмайды. Мұндай жағдайдың алдын алған дұрыс» депті.

Мұталап ӘБСАТТАРОВ,
мемлекеттік қызмет
саласының ардагері

Небір атаққа, шенге, ғылыми дәрежеге жеткен адам жоғары бір саланың тұтқасын ұстары да хақ. Құдайға шүкір, ондайлардың саны да көп. Алайда мұндай жанның өзге адам түсінде ғана көрер небір атақтары мен шенді дәрежесі оның қолына билік тигенде ел экономикасын өркендетуге септігін тигізе ала ма? Тигізе алмаса неліктен?

Жарайды, аспандағы айды да екі орап асқақтаған атақтары жоқтарды айтпай-ақ қоялық, атағы «жер жарғандар» не істеп отыр?! Сол бір атақтарды алғанша жанталаса «күресті» емес пе. Енді сол атақ, дәрежесіне сай жиган білім, тәжірибесін халықтың пайдасына жарқ еткізіп жүзеге асырып, неге көрсетпейді?! Қайда? Олардың халыққа пайда келтіретін билік тұтқасы қолында бар ғой. Не кедергі? Сөйтсек, бәрі құр атақ үшін екен. Ендеше құр атақ үшін күресетін жандар билікте отыруы тиіс пе?

Бұл орайда халық айтса, қалт айтпайды. Ол – бұлтартпас айғақ. Өйткені кімнің кім екенін жұрт жақсы біледі. Әсіресе көпшілік биліктің бір пұшпағына ие болғандардың оған дейін қандай амалмен қалай әрекет жасағанын жасырмай айтады. Бірақ шындық

Сұраныс болған жерде табыс та болуы қажет. Бірақ жұрттың пайдасына аспай қалатын ғылыми «еңбектерден» не қайыр? Қарасаңыз, қағаз жүзінде көп, ал нәтижесі жоқ

КӨП ҒАЛЫМНАН НЕ ПАЙДА, ЖАҢАЛЫҒЫ БОЛМАСА...

шыңыраудан шыққанша уақыт керек. Дегенмен біртіндеп ұзақ жылдар бойы жабулы тұрған қазанның да қақпағы ашыла бастаған сынайлы. Шын мәнінде, кімдердің құр атақ үшін мемлекеттің қыруар қаржысын ғана жымқырып қоймай, нағыз ғалымдардың алдын орап кеткені туралы нақты белгілі болатын күн де таяған секілді. Тіпті әрісін айтпағанда, бұл туралы күні кеше ғана Президенттің өзі де: «Қазір қоғамда құр атақ үшін ғылыми дәреже алғысы келетіндердің бар екені жасырын емес. Бұл жағымсыз үрдіске айналып барады. Олар, шын мәнінде, ғылыми атаққа ие болғанымен, ғылым жолын жалғастырмайды. Соның кесірінен мемлекеттің қаншама қаражаты босқа кетеді. Бұған біржола тосқауыл қоятын кез келді. Біз ғылымға шынайы берілген азаматтарды ғана қолдауымыз қажет. Оның жолдарын жан-жақты ойластырған жөн» деді.

Мемлекет басшысы қара қылды қақ жарып, шындықты айтқанын халық естіді. Мұны қазіргі жалпы жағдайға байланысты айтылған ахуал күйі дейміз. Енді бұл сөзге қарсы болатындар кімдер? Әрине, лайықсыз ғалым атанғандар, биліктің бір пұшпағында жүргендер. Олар академик, ғылым докторы, профессор деген атаққа лайықсыз екенін іштей мойындағанымен, сырт жұрт білмейді деп ойлайтын шығар.

Білгенде қандай! Жазылып та жатыр ғой. Қайсыбірін айттарсыз. Әйтпесе академияға лайықты тұлғалар ғана ашық әрі әділ сайлануы қажеттігі мемлекеттік деңгейде көтеріліп, нақты ғылыми талаптарға сәйкестендіріп, түбегейлі өзгерту керектігі күн тәртібіне қойылмас еді. Ғылымда жаңалық не ғылыми болады, не көзбояушылық қана болады. Жұрт қайсыбірінде сенерін білмей қалды. Сондықтан ғылымның беделін арттырған жөн. Бірақ бедел ақшамен артпайды, бедел жұрт қалайтын іспен, соның тігізген пайдасымен артады. Сондықтан нағыз ғалымдар елдің экономикасына, мәдениетіне, тарихына, т. б. айтулы үлес қосып жатқан еңбек аз.

Сұраныс болған жерде табыс та болуы қажет. Бірақ жұрттың пайдасына аспай қалатын ғылыми «еңбектерден» не қайыр? Қарасаңыз, қағаз жүзінде көп, ал нәтижесі жоқ. Мұның кейініш елдік жайнаған көліктердің көптігімен, бірақ көпшіліктің

оған қолы жете бермейтінімен де салыстыруға болады. Ел халқы үшін пайдасы жоқ жүйе осылайша жұмыс істей береді. Дәл сондай көріністі халқымыз қазіргі ғылым деңгейінен көріп отыр десек асыра айтқандық болмас. Бізде жер де, от та, су да, небір қазба байлықтары да, т. б. бәрі бар ғой. Бірақ неге бәрі шетелден сатып алынады? Бұл да нарық заңы ма? Әлде соларды ұқсататын білім, ілім жоқ па? Сол сияқты төл тарихымыз бен мәдениетіміздің әлемдік деңгейде бұлтартпас ғылыми дәлелдемелері қашан туатыны туралы, әр саладағы озық технология, компьютер, қалта телефоны шығатыны немесе қазақ тіліндегі сапалы ғылыми оқулықтар түзілетіні, т. б. өзгерістердің болатыны жөнінде айту арман ғана шығар. Импортқа тәуелдіміз. Неліктен? Себебі түсінікті.

«Бірақ осы жерде ашық айтуым керек: бізде академиктер тым көп, кейбір академиктердің таза ғылымға еш қатысы жоқ. Бір қарағанда,

академик деген аты бар. Бірақ ғылымды дамытуға қосқан үлесін ешкім білмейді. Осындай академиктердің ғылыми сапасы да, олардың ғылымға қосқан үлесі де күмәнді... Нағыз ғалым болу академик не болмаса доктор атағына ие болу емес, жан-дүниеңмен беріліп ғылыммен айналысу, зерттеу жүргізу арқылы қоғамға, елге пайдаңды тигізу екенін назарда ұстау қажет» деді Президент.

Міне, көрдіңіз бе, осындайлардың салдарынан еліміздегі мықты, қолынан нақты ғылыми іс келетін және сол істің басы-қасында жүрген абзал азаматтар беделіне де көлеңке түседі. Ал шыны керек, олардың арасында әлемге әйгілі орталықтардың өзін ғылыми ісімен еңсерген ғалымдарымыз бар екені жасырын емес. Солардың арқасында соңғы жылдары ғылым саласында біршама өзгеріс болды, ғылымды қаржыландыру тәсілдері жақсарып, қаржы көлемі едәуір артты. Ғылыми мекемелер біртіндеп жаңғырып, әлемге

Бірақ осы жерде ашық айтуым керек: бізде академиктер тым көп, кейбір академиктердің таза ғылымға еш қатысы жоқ. Бір қарағанда, академик деген аты бар. Бірақ ғылымды дамытуға қосқан үлесін ешкім білмейді. Осындай академиктердің ғылыми сапасы да, олардың ғылымға қосқан үлесі де күмәнді...

әйгілі ғылыми орталықтарда тәжірибеден өткен мамандар саны көбейе түсті. Бірақ мұндай оңды өзгерістерді, яғни ғылымды мемлекет тарапынан қаржыландыруда оны жоғарыда айтылған псевдоғалымдар «майшелпек» ретінде қарайтыны шын ғалымдардың қолын байлайды. Олар және ғылымда құр атақ, даңққа кенелген соң, сол күйін сақтап қалу үшін биліктің пұшпағын ұстауға ұмтылады. Оған қол да жеткізеді. Бірақ нәтиже қандай болады? Олардан пайда бар ма? Адам ретінде жақсы шығар, бірақ жақсының елге жақсылығы неде?

Бірде пайғамбарымыз Мұхаммедтен (с.ғ.с.) бір кісі: «Уа, Алланың елшісі, ең жақсы адам кім?» деп сұрағанда, ол: «Ең жақсы адам – қоғамға, елге пайдасы тиген адам» деп жауап берген екен. Ендеше жұртқа керекті жаңалықтың пайдасы, өзгерістің өркендеген өрісі ғой!

Александр ТАСБОЛАТОВ



– Қадірлі Зарқын Сыздықұлы, 2007 жылы жарық көрген «Мағжанның Қызылжары» монографияңыз ақынның өмірі мен қызметі туралы мағлұматтарды нақты жазба деректермен, мұрағат құжаттарымен байытқан бірегей құнды еңбек ретінде бағаланды. Осы еңбекте алғаш рет «Мағжанның өмірі мен шығармашылығының елеулі кезеңдері» деген анықтама деректер беріліп, шығармашылық өмірбаяны ғылыми түрде уақыт ретімен, оқиғалар желісімен нақтыланды. Әйтсе де ұлы ақынның өміріне, шығармашылығына қатысты қалың оқырманды ойландыратын сауал көп. Мәселен, жұрттың көпшілігі Мағжан, Міржақып, Жүсіпбек және басқа да Алаш қайраткерлері кеңес өкіметіне қарсы болып, 1937-38-жылдардағы жаппай репрессия кезінде атылып кетті деп ойлайды. Әңгімеміздің әлқиссасын осыдан бастасақ...

– «Мағжан Жұмабай 1937 жылы атылып кетті», «1937 жылы атылғандардың бәрі кеңес өкіметіне қарсы болған» дегеннің бәрі – бос сөз, ұлы дақырт. Мағжанның бірде-бірі өлеңінде: «Кеңес өкіметі құрысын!», «Мен кеңес өкіметіне қарсымын!», «Коммунистік партияға қарсымын!» деген сөз жоқ. «Ленинге, Сталинге қарсы болдым» деп ақын жазған емес. Керісінше, Мағжан – ең бірінші кеңес өкіметін қолдаған адам. Осы сөзіме нақты тарихи дерек келтірейін. 1919 жылы Казревком құрылып, келер жылы, яғни 1920 жылы Омбыда Казревкомның Сібір бюросының «Кедей сөзі» атты партиялық газеті шыға бастайды. 22 ақпанда тұңғыш саны жарыққа шыққан сол газеттің құрастырушы, шығарушысының бірі – Мағжан Жұмабай. «Кедей сөзін» алғашқы санынан бастап түгел зерттедім. 1922 жылы 19 наурызда ол газеттің атауы «Бостандық туы» болып өзгереді. Онда да Мағжан қызмет істеген. Бұл басылым «Ұшқынан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») 3 айдан кейін шыққан. Оны жұрт қазір «Солтүстік Қазақстан» газетінің атасы деп жүр, олай ғана емес. Тарихи әділдікке жүгінесек, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Қарағандының облыстық, тіпті қалалық, аудандық газеттерінің бәрі «Кедей сөзінен» тараған дегеніміз жөн. Газеттің 1-санындағы мақалаларға қол қойылмаған. 2 және 3-санынан бастап Мағжанның публицистикасы шыға бастаған. Бірден байқағанымыз, Мағжан не туралы жазса да (азық-түлік, сауда, ішкі-сыртқы саясат, өлең-жыр) үнемі қазақтың азаттығы, тәуелсіздігі, мемлекеттігі туралы айтып отырады. Сөйтіп отырып, Ленинді мақтайды. Ол кезде, бір ғажабы, РСДРП партиясы, оның большевиктері деп мақтамайды. Кеңестік құрылыс патшаның самодержавиясының тепкісінен қазақты құтқарды деп жазады. «Кедей сөзінің» 1921 жылғы 19 наурыздағы санында «Екіден бір» атты көлемді мақаласы газеттің екі бетіне жарияланған. Ол мақалада 1921 жылы 31 қаңтар-30 наурыз аралығында болған орыс шаруаларының көтерілісі туралы айтылады. Қырғын соғыс Солтүстік

МАҒЖАНДЫ ҚАРАЛАҒАН ӨЗ ОРТАСЫ

Биыл қазақ әдебиетінің және қазақ журналистикасының жарық жұлдызы Мағжан Жұмабайұлының 130 жылдығы елімізде және шетелдерде кеңінен аталып өтуде. Мерейтой ақынның туған жері – Солтүстік Қазақстан облысынан басталды. «Astana aqshamy» газеті де осы мерейлі датаға орай ақынның өмірі мен шығаршылығына қатысты бұрын-соңды айтылмаған деректерді мағжантанушы ғалымның зерттеулері арқылы жалпақ жұртқа жариялап отыр.

Алаш арыстарының бірі, қазақтың аяулы перзенті, ақын, күрескер Мағжан Жұмабайдың өмірі, қызметі, шығармашылығына қатысты бізге әлі беймәлім дүние аз емес. Солардың бір парасына белгілі абылайтанушы және мағжантанушы ғалым, академик, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры Зарқын ТАЙШЫБАЙМЕН ашық әңгімеде қанық болдық.



Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Атбасар өңірін қамтиды. Мағжан болса сол көтерілістің қазақтарға қатысы жоқ деп жазады. «Бұл көтерілістің мақсаты – кеңес өкіметін құлату, ал қазаққа теңдік әперген – кеңес өкіметі. Патшаның заманында қазақты кім адам құрлы көріп еді? Орыстың қамшысы қазақтың арқасында ойналған, қазаққа ешқандай теңдік болмаған. Бізге теңдік алып берген – кеңес өкіметі!» деп ұрандап жазады. Мұндай ұстанымның 1922 жылы жазған «Қызыл ту», «Автономия кімдікі?» деген өлеңдерінен көреміз.

– Зақа, «Біздің алдымызда екі ғана жол бар. Азаттық не құлдық. Не совет бостандығы. Не Николай мен Колчактың құлдық қамыты. Міне, қазаққа осыны ұғатын мезгіл жетті. Әрелікті мүмкін емес екенін талай тәжірибе көрсеткендей болды. Қазақ енді көруге тиіс. Алдымызда екі жолын қара тұр. Біреуі – ел болам деген қазақты шетінен бауыздау керек деп қызылдан даярлап тұрған Дутов, Иванцов, Ринов сықылды қара жүздер. Екіншісі – құлдыққа езілген сорлы елді қатарға кір, ел бол деп құшағын жайып тұрған Ленин, Сталин жолы» деп жазған Мағжан ақынға қып-қызыл жала қалай жабылды? Жалпы, Мағжанды

кім ақтады? Осы сауалдың жауабы әлі күнге дейін неге айтылмай келеді?

– Сонау 1912 жылы жарыққа шыққан «Шолпан» атты өлеңдер жинағынан басталған жала өмір бойы соңынан қалмады. Мағжанға жабылған жаланың жағдайын айтайын. Ақын 1960 жылы 8 тамызда ақталады. Мағжанды ақтаған ешбір қазақ емес, яғни біз емес. 1959-60-жылдары Мағжанның әйелі Зылихань Н.Хрущевке жазған арызы бойынша Қазақстан КГБ-сының тергеушісі Мұқаев терең зерттеп, Мағжанның қылмысы жоқ екенін дәлелдейді, бірақ ақтай алмайды. Тергеу қорытындысында дәл солай «қылмысы жоқ» деп жазылған. Бірақ Қазақстан Жазушылар одағының басқармасы берген қорытындыда: «Мағжан Жұмабайдың шығармашылығы, негізінен, контрреволюциялық» деп жазылған. Сондықтан істі қысқартуға болмайды деп жазған. Ал Түркістан әскери округінің прокуроры 1937 жылғы үкімге протест жазып, тағы бір прокурор тексеріп, «Мағжан Жұмабайдың ешқандай қылмысы жоқ» деп ақтайды. «Тіпті Мағжан Жұмабай Жапонияның шпионы болды деген ешбір із жоқ, ойдан шығарылған» деп жазады да, істі қысқартады. Әлгі Мұқаев деген тергеуші Мағжанның жазықсыз

екенін бірнеше рет дәлелдейді, бірақ ақтау жағына келгенде «Қазақстан жазушыларына» қарсы тұра алмайды. КГБ бастығының орынбасары Арыстанбеков те ақтауға дәрменсіз болып, еріксіз қол қойып бекіткен. Тіпті прокурор «жапон шпионы» деген сөзге қатысты құжатта былай жазыпты: «Кеңес өкіметінің қауіпсіздік қызметінде мұндай мәлімет жоқ. Мағжан түгіл, басқаларда да: «Кеңес Одағында Жапонияның шпионы болыпты» деген ақпарат мүлдем кездеспейді. Мұның бәрі қып-қызыл жала». Сөйтіп, прокурор істі жабу үшін Қазақстанның КГБ-сына хат жазды. Оны алған КГБ-дағылар «Мағжанның шығармашылығы туралы өз пікірлеріңізді беріңіздер» деп Қазақстан Жазушылар одағына хат жолдайды. Сол кезде Жазушылар одағының екінші хатшысы Әбділда Тәжібаев қол қойған қорытынды құжатта: «Мағжанның барлық шығармаларының түп негізі – контрреволюциялық, сондықтан да оны ақтауға болмайды» деп жазған. Қазақ КСР Халық жазушысы, ғылым докторы, профессор Ә.Тәжібаев замандас-қандастарының қорлығы мен кекесін мазағына ұшыраған Мағжанның пұшайман пендешіліктен 1925 жылы жазған «Тоқсанның тобы» деген өлеңіне қарсы шығып, ұлы ақынның жер басып жүргенін көп көріп, қарғап-сілеген еді. 1989 жылы шыққан «Жұмабаев Мағжан шығармалары: өлеңдер, поэмалар, қара сөздер» атты кітабына алғысөз жазған ол замана желі қалай соқса, солай жығылғаны туралы: «Бұл менің де, мені тәрбиелеп сөйлеткен ағаларымның да тарих алдындағы кешірілмейтін күнәсі еді» дейді. Яғни құлағын қалай бұраса, солай сөйлеген патефон деген аспап болғанын мойындағанына да шүкір. Бірақ қазіргі қазақ халқы өлшеусіз ауыр қасіретке ұшыратқан саяси қуғын-сүргін заманында бұл «патефондардың» жай ғана сайрап қоймағанын, өз әріптестері мен қандастарының өліміне тікелей қатысты екенін бүгінгі ұрпақ білуге тиіс. Контрреволюционер

деп революцияға, қоғамдық құрылысқа қарсы қолына қару алып көтерілген адамды айтады. Ал Мағжанның шығармаларының ешқайсысынан ондай қарсылық көрмейсіз. Қарсылық Мағжанның баспасөздегі биліктің жұмысын сынаған мақалаларында болған. Жергілікті шенеуніктер, ауылдағы шалақ белсенділер еңбекші халықтың ақысын жеп, біздің жеңіп алған автономиямызға, орнатып алған өкіметімізге, қазаққа зиянын тигізіп жатыр деп жазған. Бізде осы психология қазір де бар. Мысалы, сіз біздің қоғамды парақорлық жайлап кетті деп жазсаңыз, «Әй, мынау тәуелсіздікке қарсы журналист екен» деп кінәлайды. Сол кезде Мағжанға жабылған жаланың қандай болғанына көзіңіз жетеді. Біз тіпті: «Ақын болған соң, қірде болса бірде «Компартия құрысын!», «Ленин құрысын!» деп жазған шығар» деп ойлаймыз. Бірақ Мағжанда ондай сөздер жоқ. Оның себебін айтайын. Кеңес өкіметіне қарсы болғанның өзінде, Мағжан сияқты жоғары білімді, үлкен интеллектуал, зиялы адам билеп-төстеп тұрған құрылымға, билеуші партияға жұдырық ала шықпайды. «Қаждық заңдылықты қорытындысы мақұлдамай: «Түткындағыларды түгел босатындар, олардың қылмысы толық дәлелденбеген» деген нұсқау береді. Бірақ Алматы бұған келіспейді. Мәскеуе бірінен соң бірі екі телеграмма жіберіп: «Егер бұлар сотталмай аман қалса, Қазақстандағы социализм құрылысына бөгет жасайды» деп жазады. Мәскеу еріксіз мақұлдаған болып, қол қояды. Атылғандары атылып, атылмағандары жер аударылып, Соловецк лагеріне кетті ғой. Қысын мынадай, егер олар 1930 жылы сотталмаса, 1937 жылы да атылмайтын еді. Өйткені 1938 жылы атылғандар сол 1929-30 жылдары қамалғандар еді ғой. Дәл осы эпизодтың куәгері, сол құжаттарды ашып, жариялаған профессор – Алаштың ардақты ұлы Тұрсын Жұртбай. Бірақ Тұрсынның жазғандарын шұқшылып оқыған кім бар? Қайран дүние!

– Мағжан туралы көп айтылды, көп жазылды, алда да жазылады. Бірақ бүгінгі ұрпақ Мағжанның трагедиясы дегенді білугі тиіс деп ойлаймын.

– 1919 жылы Ахмет Байтұрсынұлының Ленинге жазған хаты бар. Мен осы хатты өзімше қазақшаладым. Сонда Ахан: «Біз кеңес өкіметін құрдық. Билікті қолға алдық. Қазақ халқы қуанды, Ленин жолда! Коммунистерге бүкіл дүниені бердік. Ал коммунистер деген көбейіп кетті. Үмітіміз тас-талқан болды. Әділетсіздік қазақтың салт-санасын, тарихи

даму жолын жойып жатыр. Сіз құрып берген Казревкомнан ештеңе шығатын түрі жоқ. Біздің жаңа өкіметке деген меселімізді қайтарып, маңдайымыз тасқа тиіп отыр» деп жазады. Мағжандық дәл осындай ұстаным. Оның адал ақындық жүрегі, аппақ періште ниеті орындамай қалып, тұман басып кетті. «Алдымызда келешек жоқ, халқымыз не болады?» деп қайғырды. «Қала мен дала» деген өлеңінде: «Қала деген қазақты бұзып болды түгел, біріншіден, ылғи сауда, екіншіден, өтірік, бірінбірі алдау және тағы сол сияқты. Сонда қазақтың аңғал даладай кең жүрегі, саф ауадай таза көңілі – бәрі лайланып бара жатыр» деп жаны күйзеліп жазады. Ол орыс самодержавиясы құлап, орнына жаңа өкімет келуін қолдады, қазаққа жақсылық келетініне сенді. Алайда мемлекет билігін заңсыз басып алған большевиктердің де, орыс емес халықтарға жайлы бола қоймайтынын қайран ақын түсінген жоқ еді. Мен осыны параллель жасап, бүгінгі заманға келтіремін. Біз тәуелсіздігімізге қуандық. Алайда қоғамды жаппай парақорлық жайлады. Бәзбіреулер ойлап қалар «Тәуелсіздіктің бергені осы ма?» деп. Бір шаруанды шешу үшін міндетті түрде ақша беруің керек. Тәуелсіздік алған соң ақшасы барлар – адам, ақшасы жоқтар адам болмай қалды. Өкінішті-ақ! Алаш заманында кеңес дегенің шетінен бюрократ, төреші, жоқ-жігіттің мойнына мініп алған, жуастар әлі таяқ жеп жүр, жуандар әлі мықты болса, қазіргі күйіміз осыған ұқсас. Өз басым екі заманды көрген адам ретінде осылай түсінемін. Енді сізге Қазақстандағы репрессияның тарихына байланысты тағы бір қайғылы жағдайды айтайын. Жалпыға мәлім, 1929-36 жылдары репрессияның алғашқы толқынында 42 қайраткер қамалды. Мұхтар Әуезов, Әлімхан Ермеков 3 жыл шартты жазаман аман қалды. «Қателерін» мойындап, газеттерге жазды, өздерін-өздері айыптады. Осы жерде мынадай масқара болған. Алматының тергеушілері қылмыстық істі бітіріп, Мәскеуге бекітуге жібереді. Тізімдегі жиырма адамның ішінде Мағжан бар. Мәскеу бұл тергеудің қорытындысын мақұлдамай: «Түткындағыларды түгел босатындар, олардың қылмысы толық дәлелденбеген» деген нұсқау береді. Бірақ Алматы бұған келіспейді. Мәскеуе бірінен соң бірі екі телеграмма жіберіп: «Егер бұлар сотталмай аман қалса, Қазақстандағы социализм құрылысына бөгет жасайды» деп жазады. Мәскеу еріксіз мақұлдаған болып, қол қояды. Атылғандары атылып, атылмағандары жер аударылып, Соловецк лагеріне кетті ғой. Қысын мынадай, егер олар 1930 жылы сотталмаса, 1937 жылы да атылмайтын еді. Өйткені 1938 жылы атылғандар сол 1929-30 жылдары қамалғандар еді ғой. Дәл осы эпизодтың куәгері, сол құжаттарды ашып, жариялаған профессор – Алаштың ардақты ұлы Тұрсын Жұртбай. Бірақ Тұрсынның жазғандарын шұқшылып оқыған кім бар? Қайран дүние!

Сұхбаттасқан
Төлен ТІЛЕУБАЙ

МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР ТУРАЛЫ

Кәсіпкерлік субъектілерінің құқығын сақтау мәселесі – мемлекеттік органдардың өзекті және басым бағытының бірі. Бизнестің дамуы уәкілетті және мемлекеттік органдардың тиімді жұмысына байланысты екені өздеріңізге мәлім.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында берілген тапсырмасы бойынша 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеуші саясатты енгізу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілді.

Реформа мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылының базалық қағидаттарын жетілдіруді, міндетті талаптарды құруды

және мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүйесін жаңғыртуды көздейді.

Осы реформа шеңберінде жыл басынан бастап Кәсіпкерлік кодекске (кодекс) енгізілген өзгерістер заңды күшіне енді.

Атап айтқанда, өзгерістер мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібіне әсер етті.

Бұдан былай бақылау профилактикалық бақылау, тексеру және тергеу нысанында жүзеге асырылады.

Ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін тексерулер күшін жойды.

Оның орнына біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеру ретінде бақылаудың жаңа нысаны енгізілді. Субъектіге (объектіге) барумен профилактикалық бақылау енді оған қатысты өткен жылы бармай профилактикалық бақылау жүргізілген жағдайда жүргізілетін болады.

Жоспардан тыс тексерулерді тағайындау үшін бұрын берілген нұсқамалардың орындалуын,

жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік органдардың өтініштерін, прокурордың тапсырмаларын бақылау, қайта тексеру, қылмыстық процестік және салық заңнамасының негіздері негіз болып табылады.

Біздің еліміз әлемдік «трендтерден» қалмауға тырысады және мемлекеттік органдардың қызметіне ақпараттық технологияларды белсенді енгізуде екенін айта кету керек.

Осындай жүйелердің бірі бизнесті заңсыз тексерулерден қорғауды, сондай-ақ мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың ашықтығын қамтамасыз ететін «Тексерулер субъектілері мен объектілерінің бірыңғай

тізілімі» (бұдан әрі – ТСОБТ) болып табылады.

ТСОБТ жүйесінің арқасында тексерулерді тағайындау процесі толығымен автоматтандырылған, осыған байланысты соңғы 10 жылда тіркелген тексерулер санының 5 есеге (18139-дан 5157-ге дейін) айтарлықтай төмендеуі байқалады.

Бұдан басқа, тексерумен келген кез келген кәсіпкер ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің (комитет) «www.qamqor.gov.kz» ақпараттық порталынан тиісті бағанға актінің тіркеу нөмірін енгізу арқылы тексерудің заңдылығын көре алады.

Тексеруші орган, тексеру кезеңі, тексеруші тұлға туралы мәліметтер туралы ақпарат алғаннан кейін тексерудің тіркелгеніне көз жеткізуге болады. Егер мұндай

мәліметтер ақпараттық порталда болмаса, онда ол тексеру прокуратура органдарында тіркелмегенін және заңсыз болып табылатынын куәландырады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, егер кәсіпкерлер тексеруші мемлекеттік органдардың қызметкерлері тарапынан заңсыз әрекеттерге тап болса, бұл туралы «115» нөміріне хабарлауды сұраймыз. Бұл – Бас прокуратураның call-орталығының бірыңғай нөмірі, сондай-ақ аталған мәселелер бойынша комитетке және оның аумақтық органдарына жүгінуге болады.

ҚР Бас прокуратурасы
Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің
Астана қаласы
бойынша басқармасы

№74 (4507) 24/06/2023 Сенбі

Тұңғыш Президент кітапханасында суретші, мүсінші, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Сырым Мүсіреповтің «Адам айнасы» атты жеке көрмесі ашылды. Көрме кітапхананың еліміздің мәдениет саласындағы жетістіктерін кеңінен насихаттауға, сондай-ақ жас дарындардың шығармашылығын қолдауға бағытталған «Тәуелсіздіктің мәдени коды» ғылыми-экспозициялық жобасы аясында ұйымдастырылды.

**Аманғали
ҚАЛЖАНОВ**

Кітапхана директоры Бақытжан Темірболат соңғы екі жылда «Тәуелсіздіктің мәдени коды»



«АДАМ АЙНАСЫНА» ҮНДІЛІҢІЗ

жобасының арқасында елорда тұрғындары мен қонақтары белгілі шеберлермен қатар, бүгінгі көрменің авторы секілді жас таланттардың жұмыстарымен де танысуға мүмкіндік алғанын атап өтті.

Сырым Мүсірепов ЮНЕСКО клубының Ақтөбе қалалық

көркемсурет лицейінде оқыды. Екі жыл бұрын Қазақ ұлттық өнер университетін бітірген. Республикалық және халықаралық көрмелердің тұрақты қатысушысы. «Шабыт» халықаралық фестивалінің лауреаты. Суретшінің туындыларын Тәуелсіздік сарайында, Әскери-тарихи музейде, Ұлттық музейде, Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында, облыстық музейлерде, сондай-ақ Қазақстандағы жеке коллекциялардан табуға болады.

Көрме авторы жиналғандарға алғыс айта отырып, көрмені «Адам айнасы» деп бекер атамағанын атап өтті. Ол өз туындыларында адамзат болмысының әралуандығын, рухының күштілігін, өзіне деген сенімділігін көрсеткісі келді. Көрмеге әртүрлі жанр мен техникада орындалған 10-ға жуық мүсін мен 40 картина қойылған.



ШЕБЕРЛІК САБАҚТАРЫ



Танымал журналист, Президент грантының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қайнар Олжай «Elorda Aqparat» медиасеріктестігі журналистеріне келіп шеберлік сабағын өткізді.

**Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ**

«Жазу және редакциялау технологиясы» екі күндік семинар-тренингінде жас журналистер жазу, сөйлеу, редакциялау бойынша құнды мәлімет алды, тәжірибесін шыңдады. Практикалық сабақ кезінде сайтқа, газетке шыққан материалдар талданып, кемшіліктер түзетілді, бағыт беру мақсатында Қайнар Қалиақпарұлы өз тәжірибесімен бөлісіп, кешегі, бүгінгі заманауи журналистикадан нақты мысалдар келтірді.

Журналистикадағы тіл тазалығы үшін күресіп жүрген қаламгер осы салаға қатысты көптеген өзекті мәселені қозғады.

– Тіл ешкімге керек болмай бара жатыр. Ең үлкен дәлелім – қазіргі жас журналистердің «Айту керек» дегенді «Айту керек-піз», «Баруым керекті» «Бару керек-піз» деп айтып, жазып жүргені. Бұл дұрыс емес. Бұған журналистер назар аудармайды, оларға керекті – әулекі, желөкпе тақырыптар, бірақ соның өзін жеріне жеткізіп, майын тамызып жаза алмайды. Тілдің өзінің нормалары бар,

журналистер сол талаптарды сақтамайды. Журналистің өзі тілдік норманы сақтамаса, тіл тазалығы үшін қалай күреседі?! – дейді ол.

«Elorda Aqparat» медиасеріктестігі журналистері, корректорлары екі күннің ішінде білгір, тәжірибелі практик журналистен көп пайдалы нәрсені үйренді, ақпараттарына қанық болды. Қазір ешбір жұрфакта берілмеген, айтылмаған дүниелер редакциядағы тәжірибелі журналистерді де қызықтырып, семинардағы қызықты дәрісті үзбей тыңдады, қажетті сауалдарына жауап алды.

ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЛАРЫ ФЕСТИВАЛІ ШАҚЫРАДЫ

25-29 маусым күндері бас қалада Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен елорданың 25 жылдығына орай III халықаралық «Құралай» қуыршақ театрлары фестивалі өтеді.



Аталмыш фестиваль алғаш рет 2015 жылы өтіп, 2018 жылы жалғасын тапты. Алғашқы фестивалге Перу, Эстония, Болгария, Сербия, Румыния, Ресей, Татарстан, Түркия, Тәжікстан, Италия, Тунис, Бельгия, Босния және Герцеговина, т. б. мемлекеттер қатысып, өнер мерекесі аясында «EurAsia puppet» – қуыршақ театрлары ассоциациясын құру» меморандумына қол қойылды. Бұл меморандум театрлар арасындағы байланысты арттыра түсті. Нәтижесінде Астана қуыршақ театры әлемдік ұжымдармен достық қарым-қатынас орнатып, тәжірибе алмасып, өнер кеңістігінде құлашын кеңге сермеді.

Араға бірнеше жыл салып бұл фестиваль арқа төсінде қайта салтанат құрмақ.

Осы жолғы III халықаралық «Құралай» қуыршақ театрлары фестиваліне 13 театр қатысады. Аталған фестивальдің бір ерекшелігі арнайы аталым жеңімпаздарын Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ» театры жанынан құрылған театр студиясының алғашқы түлектері, яғни балалар анықтайды.

Фестивальдің мақсаты – тағлым тамшысы болған қуыршақ театры өнерін кеңінен дәріптеу. Мәртебелі мәде-

ниетімізді, өнегелі өнерімізді дүние жүзіне насихаттау. Әлемдік театрлармен шығармашылық қарым-қатынасты нығайтып, тәжірибе алмасып, шеберлікті шыңдау. Сәуір көңіл сәбилерге шаттық сыйлап, балаларға рухани-танымдық қойылымдар ұсыну.

Фестиваль қонақтары: Қытай, Перу, Түркия, Сербия, Эстония, Ресей, Өзбекстан және Қазақстанның қуыршақ театрлары.

ФЕСТИВАЛЬ БАҒДАРЛАМАСЫ

25.06.2023 ж.		
9:30	III халықаралық «Құралай» қуыршақ театрлары фестивалінің салтанатты шеруі	Жастар сарайынан Астана қаласы әкімдігінің «Музыкалық жас көрермендер театрына» дейінгі аралық
10:30	Пресс-конференция	Астана қаласы әкімдігінің «Музыкалық жас көрермендер театры»
11:00	III халықаралық «Құралай» қуыршақ театрлары фестивалінің салтанатты ашылу рәсіміне арналған гала-концерт	Астана қаласы әкімдігінің «Музыкалық жас көрермендер театры»
12:30	«Әжемнің ертегісі» қойылымы Авторы және режиссері: К.Ешмуратова /Астана/	Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» МКҚК
15:00	«A la carte» қойылымы Хосэ Наварро театры Авторы және қоюшы режиссері: Хосэ Наварро /Перу/	Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» МКҚК
16:30	РМСӨИ қуыршақ театры режиссурасы және актер шеберлігі кафедрасының доценті Амела Вученовичтің шеберлік сағаты «Дәстүрлі қуыршақ театрындағы актерлердің қолғапты қуыршақпен ойнау ерекшелігі» «Байкамела» қуыршақ театрының негізін қалаушы, көркемдік жетекшісі және режиссері Амела Вученович «Қуко Тодор» Видео қойылым /Сербия/	Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» МКҚК
26.06.2023 ж.		
10:00	Өзбек ұлттық қуыршақ театрының концерт бағдарламасы «Таңғажайып қуыршақтар әлемі» /Өзбекстан/	Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» МКҚК
12:30	«Сен, мен және қуыршақшы» қойылымы Авторы: Х.Юрковский Қоюшы режиссері: В.Чистый Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық қуыршақ театры» КМҚК /Қостанай/	Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» МКҚК
10:00	Маңғыстау облыстық қуыршақ театры «Балалар мекені» Авторы және қоюшы режиссері: Н.Насырова /Ақтау/	Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» МКҚК
12:30	Алматы қаласының Мемлекеттік қуыршақ театры «Қуыршақ» қойылымы Авторы: Қ.Мұрат Қоюшы режиссері: Р.Жаныаманов /Алматы/	Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» МКҚК
15:00	III халықаралық «Құралай» фестивалінің жабылу салтанатына арналған гала-концерт	Астана қаласы әкімдігінің «Музыкалық жас көрермендер театры»
27.06.2023 ж.		
15:00	«Туулески» қуыршақ театры «Қызыл телпек» (Ш.Перро ертегісінің ізімен қойылған музыкалық қуыршақты оқиға) Қоюшы режиссері: А.Вученович /Эстония/	Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» МКҚК
10:30	«Солтүстік Қазақстан облыстық қуыршақ театры» КМҚК «Қоңыз, өрмекші және көбелек». Сахналық нұсқасын жасаған: Г.Е.Лайко Қоюшы режиссері: Г.Е.Лайко /Петропавл/	Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» МКҚК
12:00	Қуыршақ жүргізу бойынша шеберлік сағаты Өзбекстанның еңбек сіңірген әртісі Муниса Игамназарова «Өзбек ұлттық қуыршақ театры» /Өзбекстан/	Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» МКҚК
15:00	Шымкент қалалық қуыршақ және жасөспірімдер театры «Масақ» Авторы: А.Малоченко Қоюшы режиссері: А.Малоченко /Шымкент/	Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» МКҚК
28.06.2023 ж.		
10:00	Темпо театры «Алыптың бақшасында» Авторы: Оскар Уайльд Өңдеген: Халюк Юдже Қоюшы режиссері: Халюк Юдже /Түркия/	Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» МКҚК
12:30	Шэньчжэнь қаласының қуыршақ театры Марионетка және жіпті қуыршақтар «Қытай қуыршақ театрының мың жыл» Авторы: Хун Цзиндяо Қоюшы режиссері: Лю Цзыюань /Қытай/	Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» МКҚК
29.06.2023 ж.		
10:00	Маңғыстау облыстық қуыршақ театры «Балалар мекені» Авторы және қоюшы режиссері: Н.Насырова /Ақтау/	Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» МКҚК
12:30	Алматы қаласының Мемлекеттік қуыршақ театры «Қуыршақ» қойылымы Авторы: Қ.Мұрат Қоюшы режиссері: Р.Жаныаманов /Алматы/	Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» МКҚК
15:00	III халықаралық «Құралай» фестивалінің жабылу салтанатына арналған гала-концерт	Астана қаласы әкімдігінің «Музыкалық жас көрермендер театры»



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №74

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС